



Жалағаш

Жаршыевы



№29 (9916)

11 сәуір

сейсенбі

2023 жыл

Газет

1934 жылғы

10 қаңтардан

бастап шығады.

Президент

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапармен келген Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевпен кездесу өткізді. Келіссөздер алдында «Ақорда» резиденциясында ресми қарсы алу рәсімі өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы мемлекеттер басшыларына рапорт беріп, екі елдің мемлекеттік әнұрандары шырқалды. Содан кейін президенттер шағын құрамда келіссөз жүргізді.

Бауырлас елдердің бірлігі бекем



Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев шағын құрамдағы кездесуден кейін екі мемлекеттің ресми делегацияларының қатысуымен келіссөзді кеңейтілген құрамда жалғастырды. Тараптар саяси, сауда-экономикалық, көлік-транзиттік, мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты нығайтуға ерекше назар аударатынын, екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастықтың негізгі мәселелерін жан-жақты талқылады.

Мемлекет басшысы ынтымақтастықты нығайту үшін Әзербайжан Президентінің бұл сапарының маңызы зор екенін айтты.

– Әзербайжан – бізге маңызды және сенімді серіктес қана емес, бауырлас әрі жақын мемлекет. Ғасырлар бойы қалыптасқан достық пен өзара қолдаудың мызғымас байланыстарына сүйене отырып, біз бүгінде шынайы стратегиялық серіктестік пен одақтастық рухында дамып келе жатқан тиімді мемлекетаралық ынтымақтастықты жолға қойдық. Елдеріміз арасында қарқынды және сенімді саяси диалог орнады. Үкімет деңгейінде үйлесімді жұмыстар атқарылып, келжақты платформалар аясында сындарлы өзара іс-әрекет жүргізіліп келеді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі ел арасында ауқымды шарттық-құқықтық база қалыптасқанына тоқталды.

– Біз былтыр Стратегиялық қатынастарды нығайту және одақтастық ынтымақтастықты тереңдету туралы декларацияға, сондай-ақ ынтымақтастықты дамытудың 2026 жылға дейінгі кешенді бағдарламасына қол қойдық. Бүгін тағы бірқатар маңызды құжат қабылданады. Сонымен қатар Сіздің бүгінгі сапарыңыз аясында ынтымақтастығымыздың саяси тұғырнамасына тиіс серпін беретін Жоғары мемлекетаралық кеңес құрамыз. Бұл екіжақты қатынастарға тиіс серпін беретіні сөзсіз, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттер екі елдің сауда-экономика саласындағы қарым-қатынастарының айтарлықтай ілгерілеп келе жатқанына көңілі толатынын мәлімдеді. Былтыр екіжақты тауар айналымы 40 пайызға артып, жарты миллиард долларға жеткен. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Әзербайжанның экономикалық өлеуетін толыққанды пайдалана отырып, бұл көрсеткішті 1 миллиард долларға дейін жеткізуге мүмкіндік бар деп санайды. Сондай-ақ Мемлекет басшысы қазақ-әзербайжан қатынасын нығайтуда мәдениет саласындағы ынтымақтастықты ерекше рөл атқаратынына назар аударды.

Өз кезегінде Ильхам Әлиев те Астанаға шақырғаны және қазақ халқының дәстүрлі қонақжайлылығы үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

– Ең алдымен Қазақстанға ресми сапармен шақырғаныңыз үшін тағы да алғыс айтамын. Бауырлас қазақ жеріне келгеніме қуаныштымын. Біздің қарым-қатынасымыз нығайып келеді. Халықтарымыздың арасындағы байланыстың тарихи терең ері біз әрдайым бір-бірімізге бауыр ретінде қараймыз. Бүгін осы берік іргетастың негізінде келешегімізді бірге құрып жатырмыз. Біз бұған дейін талқылаған ынтымақтастықтың барлық саласының өлеуеті мол. Гуманитарлық саладағы ынтымақтастықтың айрықша маңызы екенін айта кеткім келеді. Қазақстанның Әзербайжандағы, сондай-ақ Әзербайжанның Қазақстандағы мәдениет күндерінің ұйымдастырылуы елдерімізді одан әрі жақындата түсіп, халықтарымыздың терең тарихи мен бай мәдениетін паш етеді. Біздің ойымызша, мемлекетаралық қарым-қатынасымыздың негізі – осы гуманитарлық сала. Әрине екі тараптың да мүддесіне сай салалар аз емес. Біз шын мәнінде өзара ынтымақтастық пен одақтастықтың жаңа деңгейіне көтеріліп жатырмыз, – деді Әзербайжан Президенті.

Ильхам Әлиев бұдан бөлек бүгін екіжақты қарым-қатынастар бойынша ауқымды мәселелер көтерілгенін және халықаралық мәселелер жөнінде жан-жақты келіссөздер жүргізілгенін айтты. Келіссөздердің қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев Бірлескен мәлімдемеге және Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасының Жоғары мемлекетаралық кеңесін құру туралы Хаттамаға қол қойды.

Әзербайжан Президентінің Астанаға ресми сапары аясында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен ӘР Жастар және спорт министрлігі арасындағы өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумға, ҚР «Отандастар қоры» Коммерциялық емес АҚ мен ӘР Диаспорамен жұмыс жөніндегі мемлекеттік комитеті арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға, ҚР Ұлттық ғылым академиясы мен Әзербайжан Ұлттық ғылым академиясы арасындағы Ғылыми ынтымақтастық бойынша өзара түсіністік туралы меморандумға, «Қазақстан Республикасы Президентінің Телерадиоқоғамы» Коммерциялық емес акционерлік қоғамы мен Әзербайжан мемлекеттік ақпарат агенттігі арасындағы ынтымақтастық және өзара түсіністік туралы меморандумға, «Қазақстанның Сыртқы сауда палатасы» ЖШС мен Әзербайжан Республикасының Шағын және орта бизнесі дамыту агенттігі арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға және Қолданбалы этносаия зерттеулер институты мен Баку халықаралық мультимедиа-орталығы арасындағы Ғылыми және мәдени ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Ерлан АНУАРУЛЫ

Үкімет

Шаруалардың деректер базасы құрылады

Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склирдың төрағалығымен өткен Үйлестіру орталығының отырысында да ішкі нарықты мұнай өнімдерімен, оның ішінде дизель отынымен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар талқыланды. Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиевтің баяндауына, қазіргі уақытта республикада 309 мың тонна дизель отынының жиынтық қоры бар. Сәуір айында тағы 441 мың тонна отын өндірілмек.



Иә, осы айда дизельдің жалпы көлемі шамамен 750 мың тонна, ал бұлжам бойынша тұтыну көлемі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен ҚТЖ қажеттіліктерін қоса есептегенде, шамамен 510 мың тоннаны құрайды. Министрдің мәліметінше, 7 сәуірдегі жағдай бойынша 415 жанармай құю станциясында дизель отыны болмаған, бұл – еліміздегі 3163 нысанның 13 пайызы.

Энергетика министрлігі тапшылықты тез арада жою үшін жанармай құю станцияларын қосымша отынмен қамтамасыз ету мақсатында өңірлер әкімдіктерінен өтінімдер жинады. Сондай-ақ мемлекет өңдеу кәсіпорындарында өндіріс тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін барлық шараны қабылдап жатыр. Атап айтқанда, Шымкент МӨЗ-ін жөндеу жұмыстары мерекешелі бұрын аяқталып, мұнай өнімдерін жөнелту басталып кетті. Бұл

ретте ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен отын тапшылығы бар өңірлердегі жанармай құю бекеттеріне басымдық берілді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиевтің айтуынша, соңғы күндері орын алған тапшылық жанармай құю станциялары иелерінің баға айырмашылығының қысқаруын күтіп, мұнай базаларындағы отын қорын жасырып қалуына байланысты болып отыр. Осылайша жеке мұнай базаларында елде бар дизель отыны көлемінің 73 пайызы жинақталған.

Қаржы вице-министрі Ержан Біржановтың ақпаратына сүйенсек, өткен аптада 3 мыңнан астам жанармай құю станциясына талдау жүргізілген. Бұл ретте отын бола тұра сауда-саттық көлемі азайып кеткен нысандарға мерекешелі назар аударылған. Яғни сатуды шектеу белгілері орын алған.

Еліміз бойынша барлығы осындай 152 жанармай құю бекеті анықталған. Барлық факті бойынша тиісті шаралар қабылданып жатыр.

Роман Склир өңірдегі штабтар белсенді түрде әрекет етіп, тұрақты рейдтер өткізіп керек екенін атап өтті.

– Алып-сатарлыққа және мұнай базаларында отынды «ұстап тұруға» жол бермеу керек, өйткені бұл елдің энергетикалық қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. МКҚ, ҚМА және БҚДА-дан жанармай құю станциясындағы жағдайды бақылауды күшейтуді сұраймын. Жанар-жағармай материалдары бола тұрып, оны сатпай отырған нысандар анықталса, оларды заң бойынша жауапқа тарту керек. «ҚазМұнайГаз» және ҚТЖ зауыттардан жоспарланған жанар-жағармай материалдарының көлемін есіресе дизель отынын уақытылы және толығымен жөнелтуді және жеткізуді қамта-

масыз етуі қажет, – деді ол.

Бұған дейін Үкімет басшысы Әлихан Смайылов та жеңілдікпен берілетін дизель отынын бөлуді ерекше бақылауда ұстау керектігін ескерген болатын. Ол Ауыл шаруашылығы министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен және өңір әкімдіктерімен бірлесіп, көптеміз егіске дайындық жұмысты күшейту қажет деп есептейді. Сондай-ақ жеңілдікпен берілетін дизель отынын бөлу де ерекше бақылауда болуы тиіс. Ал алып-сату және қолдан жасалатын тапшылыққа жол бермеу керек. Сондай-ақ ол бөлінген дизельді басқа жаққа жасырын сататын операторларға барынша қатаң шара қолдану керек деп есептейді. Өңірлер бойынша егістік жерлердің жалпы ауданы және жанар-жағармайға қажеттілігі бар шаруалардың деректер базасын құру да ерекше маңызға ие.

Жандос ЖАЗКЕН

Кеңес

Ақсақалдар кеңесі – ел бірлігінің кепілі

Қоғамдық сана қалыптасу үшін, уақыт талабына сай өзгеру үшін де оған ықпалды күш болады. Олар – өмірлік тәжірибесі бар аға буын. Қай қоғамда да алдыңғы аға буын өзінен кейінгілерге жол көрсетіп, бағыт береді. Қазақ қоғамында ол міндетті қариялар атқарыпты. Дала заңы бойынша ел ішіндегі екеуара немесе руаралық дау-дамайды әділ шешіп, жанжалдасқан екі тарапты мәмілеге келтіріп, татуластырыпты, тентек-теліні тегзе салып, түзетіп отырыпты. Яғни қандай жағдайда да ақсақалдарымыз ел ішінің бірлігін сақтап қалуды көздеген.



Қазір де ел ісінде ақсақалдардың үлес салмағы басым. Тәуелсіздіктен соң қоғамдық институттар қалыптасты. Солардың бірі – ақсақалдар кеңесі және бұл кеңес түрлі деңгейде нәтижелі жұмыс істеп келеді. Десе де заманғы өзгеруіне, қоғамның дамуына қарай жұмыс жүйесі де жаңаланып, жанданып отыруы тиіс.

Жалағаш ауданы әкімдігі жанынан аудандық Қазақстан халқы Ассамблеясының ақсақалдар кеңесі құрылды. Бұл – Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы консультативтік-кеңесші орган. Жуырда кеңестің алғашқы отырысы өтті. Кеңес құрамында жергілікті қоғамдастықтың ақсақалдары, этномәдени бірлестіктердің, үкіметіме емес ұйымдардың беделді, белсенді өкілдері, қоғамдық пікір көшбасшылары және аймағымызға белгілі зиялылар бар.

Міне, Мемлекет басшысының бұл ұсынысы халықтан қолдау тауып, қазіргі таңда барлық аймақта Қазақстан халқы Ассамблеясы жанынан Ақсақалдар кеңесі құрылып, жұмысын бастап кетті. Өздеріңізге белгілі, бүгінде Ассамблея еліміздің саяси өміріне әртүрлі қоғамдық, әлеуметтік саладағы жаңа тәсілдерді енгізуде жетілдіруде. Қазақстандық бірлестікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде Ассамблея жанындағы Аналар кеңесінің, ғылыми-сарапшылық топтың, медиация кабинетінің және ассамблея жастарының атқарып келе жатқан жұмыстарын жоғары бағалаймыз. Ал жаңадан құрылған

кеңес сол жұмыстарға тиіс серпін беріп, ел бірлігіне жұмыс істеп, ұлттаралық татулықты нығайта түседі деп сеніммен және сіздердің алғағы жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін, – деді Ғани Кеңегараулы.

Кеңестің жалпы ережелері, міндеттері өкілеттіктері таныстырылды. Одан соң кеңес отырысы күн тәртібіндегі екі мәселе бойынша жалғасты. Алдымен кеңес мүшелерінің бірауыздан қолдап, дауыс беру нәтижесімен Жалағаш аудандық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Ақсақалдар кеңесінің төрағасы болып Асылбек Тәуіпбаев сайланды.

Асылбек Тәуіпбаев ауданымызда үзек жылдар басшылық қызметтерді үлкен жауапкершілікпен және абыроймен атқарды. Зейнетке шыққанымен өлі күнге дейін ауданның саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани өміріне де белсене араласып келеді. Өзінен кейінгі жастарға өнегелі сізмен, нәтижелі сізімен үлгі болып, елдің бірлігіне жұмыс істеп жүрген ақсақалдарымыздың алдыңғы қатарынан көреміз. Сондықтан кеңес мүшелері төрағаны сайлауда лайықты таңдау жасады. Сонымен бірге Асылбек Тәуіпбайұлының ұсынысымен кеңес төрағасының орынбасары ретінде Болатбек Мырзабековтың кандидатураны мақұлдады.

Болатбек Мырзабеков өз саласы бойынша ауданның дамуына зор үлес қосып, абыройлы қызмет атқар-

ды. Ал қазір зейнеткерлікке шықса да, кәсіппен айналысып, аудан халқына сапалы қызмет көрсетіп келеді. Сонымен бірге жастар тәрбиесіне де бейжай қарамайды. Қоғамдық тәртіпті қалыптастырып, заманға сай жастарды түрлі пайдалы кәсіпке баулауда өз үлесін қосып жүр.

Сонымен бірінші мәселе бойынша кеңес төрағасы мен орынбасары сайланды, құрамы толық бекітілді. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңестің биылғы жоспары бекітіліп, негізгі басымдықтары белгіленді.

Аталған кеңестің жұмыс жоспарына сәйкес құрамы тоқсан сайын бас қосады. Уақыт күйімен түйткілді мәселелер туындап жатса, кезектен тыс отырыс өткізіледі. Кеңестің әр отырысында көтерілген әлеуметтік және басқа да мәселелерге сәйкес жауапты бөлімдер мен мекемелердің басшылары, ұйымдардың төрағалары қатысады. Олар кеңес мүшелерінің көтерген мәселелері мен ұсыныстарын бірге талқылап, шешеді.

Кеңес отырысы барысында ғасырлар бойы қазақ халқымен бірге тату-тәтті гүмір кешіп келе жатқан бергілікті өзге ұлт өкілдерін басымдық беттеріне жиі жариялауға басымдық беру және мерекелік шаралар мен атаулы күндері түрлі деңгейдегі марапаттардан тыс қалдырмау секілді ұсыныстар айтылды.

Қуат АХЕТОВ



Ішімдік ішу — Алланың тыйым салған амалдарының бірі

Алланың рақымы түскен айлардың сұлтаны Рамазанның да орта шенінен астық. Күллі мұсылман қауымына қасиетті саналған ұлық айда барлығымыз шама-шарқымызша оразамызды тұтып, құлшылығымызды жасаудамыз. Біле білгенге әлемдердің Жаратушысы, он сегіз мың ғаламның иесінің адамзатқа парыз еткен амалдарының көз келгені рухани кемелденуге және денсаулыққа өте үлкен пайда әкеледі. Хақтың бұйрығына бойұсынып, айлардың сұлтаны рамазанда таза ниетпен ауыз бекіткен адам бес парызына бекем болса, күндердің сұлтаны жұмада жамағатпен бірге намазға тұрса, ақыретте жақсылыққа көнеледі.

Жалпы, адамзат баласының Рамазан айындағы күллі амалдары қалған айларда адам бойынан көрініп тұрады. Яғни қасиетті айда барынша күнәлардан, қателіктерден тыйылса, барлық амалын ерекше ықыласпен, Алланың ризылығы үшін және ақыреттегі мол сауаптан үміт ете отырып жасайтын болса, ол пенденің құлшылығы қабыл болары анық. Бірақ адам баласы ауыз бекітіп, ораза ұстағанда тек ас ішуден тыйылып қана қоймай, денсаулыққа зиянды алкогольдік заттардан, шылмы сынды жағымсыз дүниелерден де тыйылғаны абзал. Өйткені арақ-шарап барлық жамандықтың бастауы екені белгілі. Арақ ішу тек ішкен адамға ғана емес, оның отбасына, ортасына да кері әсерін тигізеді.

Арақ — мың бөленің бастауы. Ол ішкен адамды есінен алжастырып, адамдықтан аттатып қана қоймай, талай отбасының шырың бұзып та отыр. Еліміздегі ажырасулар, отбасындағы айқай-шу, қолайсыз отбасылардың көбеюі, тұрмыстық зорлық-зомбылық, қылмыс, осының көбі ащы судың кесірінен орын алып жатады.

Қазіргі таңда бұл ұлы суды көйде көрілер де, жастар да, еркектер де, әйелдер де ұрттап қоятынына кезіміз күз болып жүр. Тіпті кейбір жанұялардың жағдайы бала-шағасы ежелерінің бір күн арақ ішпей, мас болмай, сау келуін армандайтындай жағдайға жеткен Әкелері көшеде құлап жатып, құрбы-құрдастарына күлкі етпесе, үйге келіп ұрыскері шығарып, отбасының берекесін алмаса, бір күн болса да айқай-шусыз, тыныштықта отырып тамақтанса, бейкінуе балалар үшін ең үлкен бақыт сол.

Қаншама адам осы төтек судың салдарынан зардап шегуде. Дініміз Исламның арақ ішуге қатаң тыйым салуды да осы секілді озбыр қылықтардың орын алмауының алдын алуы болса керек. Шынында да, бұл дүниеде арақ ішуге құмартан адамдар бала-шағасы, туған-туыс, дос-жараң, тіпті қоғам алдында абыройы айрандай төгіледі. Мұның арғы жағы пендені үмітсіздікке ұрындырып, харамның шырмалуына әбден түсіруі мүмкін.

Адамзаттың асыл тәжі, адамзаттың ардақтысы Қайғамбарымыз (с.ғ.с) да арақ-шарапқа қатысты, оның зияны туралы айтып кеткен еді. Өнәс ибн Малик (р.ғ) жеткізген бір хадисте «Пайғамбарымыз (с.ғ.с) араққа қатысты он нәрсеге лағынет айтты: жасаушыға, жасатушыға, ішкенге, ішкізгенге, көтергенге, көтерткенге, сатушыға, сатып алушыға, сыйға тартушыға, арақты сатып, ақшасын пайдаланғанға» делінген. Қарап отырғанымыздай, мұның бәрі лағынетпен іс екені даусыз.

Ішімдік ішу — Алланың тыйым салған амалдарының бірі. Ал бұл амалдарды орындаған адамдар екі дүниеде де бақытсыз болады. Расында құмар ойындар, арақ-шарап ішу, өлген малдың еті мен кез келген масайтатын ішімдіктер шайтанның нәжісі амалдарынан болғандықтан, оның зияны болмаса, пайдасы болмайтыны ақиқат. Көздеріңіз көріп жүргендей, қанша шаңырақ осы арақтың кесірінен шайқалуда. Қанша отбасы қайғыға душар болып та жүр. Қанша жан арақтың кесірінен өмірімен де қоштасып жатыр. Қанша қылмыс осы ішімдік ішкендердің қатысуымен орын алуда. Ең өкініштісі, қазір қасиетті Рамазан айы болса да сауда орындарында, дүкен сөрелерінде арақ-шарап түрлері самсап тұр. Ащы суға сұраныс болғандықтан өкеліп сататынын да білеміз. Бірақ сұранысты өтеуден бұрын, Алланың алдында бойұсыну, шариғатта тыйым салынғандардан бас тарту және ең бастысы жастардың болашағына алаңдауымыз керек еді. Бұлай айтқанымызбен, елді, жастарды ойлайтыны аз болып тұр. Мұны өндірушілер де, оны өкеліп сатушылар да жұмысын тоқтатпайтынын білеміз. Алайда ең болмаса қасиетті айда күллі мұсылманға деген сый-құрметпен, Алланың дініне деген мызғымас, берік иманымызды көрсетіп, өзге елге үлгі бола отырып, бір ай арақ-шараптың сатылымына тосқауыл болсақ, нұр үстіне нұр болар еді. Қолдан келер іс қой, өгер ықыласымыз болса... Шариғат мұсылман адамға арақ ішілетін жерге баруға, арақ ішетіндермен бірге отыруға, оны сатуға, сатып алуға тыйым салады.

Негізі асыл дінімізде мас қылатын ішімдіктерге тыйым салынған. Арақ-шарап, ішімдік ризық-несібенің берекесін қашырып, қорлық пен уайым-қайғыға, қиындық пен жоқшылыққа тап қылады. Арақтың мінез-құлқыққа, тіпті қоғамға, денсаулыққа тигізетін кері әсері орасан. Сол себепті біз оны «шайтанның суы» деп атаймыз. Осылай айта тұра, онан тыйыла алмайтын, бас тарту алмайтын тәуелді жандардың қатары артпаса, кеміей тұрғанына да айта кету керек. Сондықтан мұсылман бауырлар, қасиетті Рамазан айында және басқа айларда да алкогольдік өнімдерден түбегейлі бас тартып, Ислам дінінде тыйым салынған харамнан бойымызды аулақ ұстасақ, Рамазан айында оразамызды ұстап, лайықты түрде құлшылығымызды жасасақ, мәңгі өмірде Алланың уәде еткен, адамның өлшіміне сыймайтын нығметтерге ие боламыз.

Айбек МӘДИЕВ, аудандық «Иманқұл» мешітінің бас имамы

ХАЛЫҚТЫҢ СЕНІМІ БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ!

Алдағы саяси науқанда маған дауыс беруге шақырамын. Сіздердің қолдауларыңыз — маған артылған жауапкершілік.

Алтынбек Асанбеков, Аққұм ауылдық округі әкіміне үміткер



АУЫЛДЫҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫН БІРГЕ ҚҰРАЙЫҚ!

Ауылдың болашағына аққұмдықтар бейжай қарамайды. Сондықтан алдағы сайлауда баршаңызды маған дауыс беруге шақырамын.

Нурлан Костанбаев, Аққұм ауылдық округі әкіміне үміткер



АУЫЛ ДАМУЫСА, АЛҒА БАСАМЫЗ

Мақсат айқын, жоспар жүйелі. Енді халықтың қолдауы бәрінен маңызды. Сайлау — сіз бен бізге ауылдың жарқын болашағын құруға берілеу мүмкіндік.

Бауржан Шынжыров, Аққұм ауылдық округі әкіміне үміткер



Аққұмда ауқымды жобалар жүзеге асады

Аққұм — үлкен жолдың бойындағы елді мекендердің бірі де бірегейі. Иә, бұл ауылдың тыныс-тіршілігі маған етене таныс. Әсіресе елді мекен халқының егін және мал шаруашылығында толағай табысқа қол жеткізіп жүргені қуантады. Десе де Аққұмда басқа да кәсіп түрлерін дамыту арқылы әлеуметтің әлеуетін көтеруге болады. Ауылды көркейту-көгалдандыру, елді мекеннің екінші тынысын ашуға қатысты басқа да жобаларым жоқ емес. Алдыма осындай үлкен мақсат қоя білгендіктен сәуірдің аяғында өтетін ауылдық округ әкімін сайлауға үміткер болуға бел будым.

Әлбетте кандидаттардың қай-қайсысына қатысты болсын сайлаушыларда «Бұл ауылда нәнді жобаларды қолға алыпты? Оның жергілікті тұрғындарға пайдасы бар ма?» деген заңды сұрақ туындайды. Алдағы саяси науқанда сіздердің басым дауыстарыңызға ие болып жатсам, бұл сауалдарға іспен жауап берсем деймін.

Алдымен Президенттің, облыс, аудан әкімінің саясатын жүзеге асыра отырып, ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға басымдық беремін. Сондай-ақ ауылдың экономикасын көтеруге баса назар аударып, әрбір отбасының мұң-мұқтажына, талап-тілегіне мұқият көңіл бөліп, пікірімен санасып, ауылдағы тұралаған мәселелердің мүмкіндігінше оң шешімін табуына ықпал етемін.

Ауылдарда балалар тәрбиесіне, білім және денсаулық сақтау саласына көңіл бөліп, мәдениет пен спорттың, ауыл шаруашылығының дамуына, нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға арналған бағдарламаның орындалуына жағдай жасауға ықпал етемін. Себебі бұлар әлеуметтік саланың ең басым бағыттары болып табылады.

Кәсіпкерлік саласын дамытуды көз келген өңірдегі тұралаған мәселелерді шешудің баспалдағы десе де болады. Себебі аталған салада серпін қалыптастыру арқылы ауылдағы жұмыссыздық деңгейін төмендетуге, әлеуметтің әлеуетінің артуына, ауылды абаттандыруға, өңірде өндіріс ошақтарын көбейтуге жол ашылады.

Жаңа ауыл халқының егін және мал шаруашылығында толағай табысқа қол жеткізіп жатқанын айттым, десе де ауылда басқа да кәсіп көздерін ашып, саланы түрлендіруге көшіміз керек деп ойлаймын. Ол үшін алдымен жергілікті халықтың аталған саланы қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар көмегін алуына ықпал жасаймын.

Ауылдың әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларының, көпбалалы аналардың мұң-мұқтажын үнемі назарда ұстау мақсатында құзырлы органдарға өтірік мәселелер қойып, шешімін табуына, ауыл жастарының бос уақытында мәдени, қоғамдық жұмыстармен, спортпен шұғылдануына, жұмыссыз азаматтарды жұмысқа тартуға басымдық берген дұрыс деп ойлаймын. Сондай-ақ учаскелік полиция қызметкері мен ақсақалдар алқасы және жергілікті қоғамдастық төрағаларымен бірлесіп отырып, жастар тәрбиесіне көңіл бөліп, қоғамдық тәртіпті сақталуын, ауылдардағы көше тазалығына мән беру, құлдықтарды арнайы тиісті орындарға шығару, санитарлық-тазалық нормаларын сақтауды да назардан тыс қалдырмау керек. Біз осындай жұмыстарды жүзеге асыру арқылы кейінгі буын жастарға үлгі боламыз, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға қол жеткіземіз.

Ауылдық округтегі аяқ су мәселесін шешу, электр желілеріне жөндеу жұмыста-



рын жүргізу, елді мекендегі жайылымдық жерлерді кеңейту жұмыстары да назардан тыс қалмайды. Себебі негізі тіршілік-тынысы егін және мал шаруашылығына тәуелді елді мекен халқы үшін жайылымдық жер де, аяқ су мәселесі де аса маңызды ие. Ал жарық, ауыз су, жол саласына қатысты мәселелерді шешу де күн тәртібінен түспейді.

Ауыл дамыса, біз де алға басамыз. Оны жүзеге асыруға бағытталған жобаларым да жоқ емес. Ал оны жүзеге асыру үшін алдымен сіздердің қолдауларыңыз берінен маңызды. Алдағы Аққұм ауылының әкімін сайлауда маған сенім артып, дауыс берсеңіздер, жоғарыда айтқан жобаларымды жүзеге асыруға жұмыс жасаймын. Мен үшін елдің ауызбіршілігі мен қолдауынан артық ештеңе жоқ. Халық қолдаса, мен қашанда осы ауылдың болашағына жұмыс жасауға дайынмын.

Нурлан Костанбаев, Аққұм ауылдық округі әкіміне үміткер Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Халықтың қолдауы маңызды

Күрежолдың бойындағы Аққұм ауылы бүгінде тек аймаққа ғана емес, елімізге етене таныс. Ауыл халқы қашанда ауыз-бірішілікті түртіп келеді. Соның нәтижесі болар, бүгінде аймақта Сыр салысын өндіруде, мал шаруашылығын дамытуда нәмі түрлендіруде, асылдандыруда Аққұм ауылы алдыңғы қатарда келеді. Міне, халқы бейнеткеш, адал еңбекті өзіне серік ететін ауылда қашанда жарқын жобалар жүзеге асатыны анық.

Бұл ауылдың тыныс-тіршілігі маған жат емес, себебі бұған дейін де ауылда 4 жыл елді мекен әкімі болып қызмет атқарғанмын. Шама-шарқымша осында уақытта ауылды абаттандыруға, халқының тұрмыс сапасын арттыруға күш салдым. Бірақ 4 жылда ауылдың барлық мәселесі толыққанды шешімін тапты деп айта алмаймын. Әлі де ауылда, тұралаған мәселелер жоқ емес. Алдағы саяси науқанда екінші мәрте үміткер болып бақ сынауыма да себеп жоқ емес. Бастысы, ауылда басқа да шешілмеген мәселелерге жұмыс жасап, оның жемісін елді мекен халқы көрсейтін.

Ауылдық округ әкімінің құзіретін пайдалана отырып, алдағы уақытта тұрғындардың жағдайын дамыту бағытында тұрақты жұмыс жасаймын. Уақыт талабына сай жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту бағытында жұмыс жасап, жергілікті жерде қоғамдық бақылауды енгізу арқылы ауылдағы ахуалға ауыл тұрғындарының ықпалын арттыруға басымдық берген дұрыс деп ойлаймын.

Ауылда бағана мал шаруашылығының айтарлықтай алға басқанын айттым, енді елді мекен халқының өрісі кеңейі үшін алдымен жайылымдық жерден, аяқ судан мәселе болмауы керек деп есептеймін. Сондай-ақ жұқпалы мал ауруларының алдын алуда қолданыстағы мал қорым-

дарын қалыпқа келтіру керек.

Пайыздық үстемалысы төмен несиелер арқылы шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды күн тәртібінен түсірмеген абзал. Себебі кәсіпкерлік дамыған елді мекенде, жұмыссыздыққа, әлеуметтік салаға қатысты ешқандай мәселе болмайды.

Шаруа қожалықтар жұмысының уақыт талабына сай ұйымдастырылуын қадағалай отырып, мал басын асылдандыру, мал бордақылға алаңдарын ашып, шаруашылықтың тиімділігін арттыру мақсатында жұмыс жүргізу керек. Негізінен мал басын асылдандырудан ауылдың тәжірибесі жоқ емес. Бұған дейін де асыл тұқымды мал өсіруден, және оны экспорттаудан аймақта ауылымыз алдыңғы шепте болды. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстар өлі де жалғасын табады.

Ауыл тұрғындарына әлеуметтік көмек көрсету жұмыстарын қадағалау керек. Себебі халықтың тұрмыс сапасы мен үшін бәріннен маңызды. Аз мөлшерде қамтамасыз етілген отбасылардың, қарттар мен мүгедектердің тұрмыс жағдайларын тұрақты түрде назарда ұстау керек.

Ауыл мәдениетінің дамуына, абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізуге күш саламын. Сондай-ақ шағын және орта кәсіпкерлерді қолдау, шаруа немесе фермер қожалықтарын ұйымдастыруға, кәсіпкерлік қызметті дамытуға және жаңа жұмыс орындарының ашылуына басымдық берген дұрыс.

Аққұмда әсіресе жол саласына қатысты мәселе жетерлік. Сондықтан келер жылға дейін З.Лекееров, Х.Сарбасов, Аққұм және кезек-кезеңімен қалған көшелерге де күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге күш саламын. Ал Қ.Бекенов, З.Лекееров, Абай, Е.Түментаев, М.Нұрқожаев, И.Мұстапапов көшелерін толық жарықтандыру мәселесін



де күн тәртібінен түсірмеймін.

Ауыл дамыса, қараша халықтың өлауақты көтеріледі. Сондықтан Аққұм ауылының әлеуметтік әлеуетін арттыру менің азаматтық және қызметтік парызым болып қала береді. Бұл бағыттағы жұмыстарды жүзеге асыру үшін алдымен елді мекен халқының қолдауы мен үшін бәріннен маңызды.

Алтынбек Асанбеков, Аққұм ауылдық округі әкіміне үміткер Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Ауылдың болашағы бәріннен маңызды

Жалағаштың қай өңірі болсын мен үшін туған жерім деп есептеймін. Ал туған жерді түлету баршамызға азаматтық міндет екені айтпаса да белгілі. Қазір ауыл әкімдерін халық сайлағалы бірнеше жыл болды. Биыл кезек Аққұм ауылына да келіп жетіпті.

Жалпы, үлкен жолдың бойындағы елді мекенді дамытуға, ауылда кәсіпорындар санын еселеуге, жергілікті халықтың тұрмыс сапасын арттыруға мүмкіндік мол. Ол үшін бірінші кезекте талап пен жауапкершілік қажет. Мен де алдағы уақытта Аққұм ауылдық округін түлетіп, халықтың талап-тілегіне жұмыс жасауға бел будым. Ол үшін алдымен халықтың қолдауы керек. Алдағы саяси науқанда бақ сынағалы отырғаным да сондықтан.

Алдағы уақытта сіздердің қолдауларыңызбен Аққұм ауылдық округі әкімі болсам, елді мекеннің гүлденіп өркендеуіне, әлеуметтік-экономикалық жағдайының дамуына зор үлес қосамын. Сондай-ақ ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруге баса назар аударып, әрбір отбасының мұң-мұқтажы мен ұсыныс-пікіріне көңіл бөліп, олардың өтінішінің мүмкіндігінше оң шешілуіне ықпал етемін.

Алдымен ауылда кәсіпкерлік саласын дамытуға күш салу керек. Өндіріс өркендеген өңір өз мәселесін өзі шешетіндей жағдайға жетеді. Сондықтан ауылда бұл саланың дамуына басымдық беру керек. Әрине шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту да назардан тыс қалмайды. Ол үшін «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы аясында жұмыссыздықты азайту үшін ауыл тұрғындарына мемлекет тарапынан берілетін қайтарымсыз гранттар және те-

мен пайызбен несие алуына жұмыс жасап, шағын кәсіпкерлікті дамытуға күш саламын.

Елді мекен көшелеріне кезек-кезеңімен асфальт төселуін, жөндеуін және күтіп ұсталуын қамтамасыз ету күн тәртібінен түспейді. Ауылдық округте балалар тәрбиесіне, білім және денсаулық сақтау, мәдениет және спорт саласының дамуына да басымдық берген абзал.

Мемлекеттік «Жасыл ел» бағдарламасы аясында ауылдық округте көркейту-көгалдандыру жұмыстарын жүргізіп тұрды жүргізу керек. Сондай-ақ қоғамдастық жиыны мүшелері және ауыл ақсақалдарымен бірлесіп отырып, елді мекендегі мәселелердің оң шешілуіне жұмыс жасау қажет. Ал учаскелік полициямен бірге қоғамдық тәртіпті сақталуын, санитарлық-тазалық нормаларын сақтауды ұйымдастыру да аса маңызды ие.

Негізі барлық ауылдағы мәселелер бір-біріне ұқсас. Оған күнделікті тіршілік көздерімен қамтамасыз ету, тұрғын үй шаруашылығының мәселелері кіреді. Ауылдағы ең басты мәселенің бірі — жұмыспен қамту, жаңа жұмыс орындарын ашу. Осы тұста жеке және шағын кәсіпкерлікті дамыту, аясын кеңейту үлкен маңызды ие. Осы орайда кәсіпкерлерге барлық мемлекеттік бағдарламаны түсіндіріп, кәсібін дамыту арқылы жаңадан жұмыс орындарын құруға көмектесемін. Сонымен қатар үй шаруашылығындағы тұрғындардың үлесін арттырып, өз-өзін жұмыспен қамтығандардың санын арттыруға жұмыс жасаймын. Ауылдағы негізгі жұмыс орындары — әлеуметтік нысандар, мектептер мен балабақшалар. Маңызды әлеуметтік нысандардың



бірқалыпты жұмысына баса назар аударамын.

Ел үшін еңбек етіп, қызмет атқарсаң, содан артық абырой жоқ. Менің басты ұстанымым да осы. Алдағы сайлауда әрбір сайлаушының дауысы бізге жауапкершілік артады. Олардың сенімі мен үшін маңызды. Сондықтан саяси науқанда мені қолдауға шақырамын. Халық қолдаса, мен жұмыс жасап, ауылдың жарқын болашағын елмен бірге құруға қашанда дайынмын.

Бауржан Шынжыров, Аққұм ауылдық округі әкіміне үміткер Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Жарқын болашақты бірге құрайық

Мырзабай ахун ауылдық округі, ондағы ынтымағы жарасқан халық маған таңсық емес. Өзім ауданның азаматы болғандықтан ауылдық елді мекендер де қызмет етіп, ауыл халқы әлеуетінің артуына жұмыс жасап жүрмін. Сайлауалды бағдарламамды әзірлеуде ауылды дамытудың жан-жақты тетігін қарастырдым. Ауылда шешім таппай келе жатқан мәселелерді шешудің жауабын іздедім. Нәтижесін алдағы уақыт көрсетеді. Әрине бұл ретте ауыз-біршілікті ту өткен халықтың қолдауы бәрінен маңызды.

Ауыл өкіміне үміткер болудағы мақсатым сол мәселелердің шешімін табуға жұмыс жасау еді. Әлеуметтік әлеуетін арттырып, халық артқан сенімнен шығуды өзімнің азаматтық міндетім деп білемін. Жұмыссыздық жайлаған елді мекенде даму динамикасы қалыптаспайды. Себебі оның соңы құлдырауға алып келеді. Сондықтан мен ауылда бірінші кезекте осы мәселені болдырмауға күш салсам деймін. Оған мүмкіндік те жоқ емес.

Мәселен, ауылда бос жұмыс орындарын ашуға болады. Ол үшін кәсіпорындар қатарын арттыру қажет. Бұдан біздің ұтарымыз көп. Себебі кәсіпкерлікті дамыту арқылы жұмыссыздық деңгейін төмендетуге қол жеткізуге болады.

Ауылда өз кәсібін ашамын деген азаматтарға қолдау көрсетуге мән беретін боламын. «Жастар – ел болашағы» деп бекер айтылмаса керек, жұмыс жасаймын деген ауыл жастары болса, мемлекет тарапынан демеуді аямайды.

Ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруге басымдық беріп, жол жарық, аяқ суға қатысты негізгі мәселелердің алдын алуға бар қарым-қабілетімді жұмсауым керек. Себебі менің мойнымда елдің сенімі тұр. Ал сол үдеден шыға білу екінші бірінің қолынан келе бермейді. Мен сайлауалды бағдарламамда осындай үлкен жауапкершілікті өзіме жүктедім.

Бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыру мақсатында жастардың білім алуына, бойдағы талантын шыңдауға жұмыс жасау да күн тәртібінен түспегені дұрыс. Себебі кейінгі буын – елдің өртенгі болашағы. Ал оны қалыптастырушы да сіз бен біз. Білім мен мәдениет саласын дамыту арқылы біз жастардың бос уақытын тиімді пайдалануына жол ашамыз. Ал спорт саласына көрсетіліп жатқан қолдаумен ауыл тұрғындарының салауатты өмір салтын ұстануына жағдай жасаймыз.

Ауылдың әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларының, көпбалалы аналардың мәселесін де назардан тыс қалдырмай, мейлінше ауыл тұрғын-

дарының сапалы өмір сүруіне жағдай жасау қажет. Қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ете отырып, ауылдағы көше тазалығын назарға алып, құл-қоқыстарды арнайы тиісті орындарға шығару, санитарлық тазалық нормаларын сақтауды ұйымдастыру да маңызды. Себебі мекен өткен ортақ жолыміздің тазалығы бәріміз үшін қажет. Бұл ретте Мырзабай ахун ауылында көркейткіп-кегалдандыру жұмыстарына басымдық берілуі қажет. Сондықтан ауылды жасыл желекке айналдыру қажет. Мұны да бірлікті ту өткен халықтың қолынан келетін шаруа деп ойлаймын.

Жергілікті шаруашылықтармен тығыз байланыста болып, мәдени, рухани, спорттық шараларды жүзеге асыру да біз үшін маңызды. Себебі біз өркениеттен тыс қалмауымыз керек. Қазір ауыл, қала болып бөлінетін дәуір емес. Ауылда да талантты әрі талабы таудай жастар қалыптасып келе жатыр. Әсіресе түрлі сайыстарда ауыл жастарының жиі топ жаруы көңіл қуантады. Енді олардың талабын өлі де шыңдау үшін жағдай жасау қажет. Ол үшін спорттық және мәдени үйірмелер қатарын арттырған абзал.

Менің кандидатурамды ауыл өкіміне лайық деп тауып дауыс берсеңіздер, жаңа идеяларды жүзеге асырып, бір-



лігіміз арқылы бірқатар жеңістерге жетінімізге сенемін! Ауылдың дамуы жолында әрбір тұрғынның, ауылда-сымның ұсынысы мен үшін маңызды. Сондықтан ауылдың дамуына сүбелі үлес қосу – парызым.

**Нуржан Мәлік,
Мырзабай ахун ауылдық
округі өкіміне үміткер
Аудандық сайлау қоры
қаражатының есебінен төленді**

МАҚСАТЫМ – ТУҒАН ЖЕРДІ ТҮЛЕТУ

Туған жерді түлету – перзенттік парыз. Алдағы саяси науқан – перзенттік парызды өтеуге берілген үлкен мүмкіндік. Бұл ретте жерлеріміздің қолдауы бәрінен маңызды.



**Галым Тауыпбаев,
Мырзабай ахун ауылдық
округі өкіміне үміткер**

Ауылдың болашағы бәрінен маңызды

Менің кандидатурамды қолдап, дауыс берсеңіздер, сайлауалды бағдарламамды қысқа уақыт ішінде жүзеге асырып, сол арқылы бірлікпен жетістіктерге жететінімізге сенемін!



**Нуржан Мәлік,
Мырзабай ахун ауылдық
округі өкіміне үміткер**

САЙЛАУШЫЛАР СЕНІМІ БӘРІНЕН ЖОҒАРЫ

Елді мекенді көркейту – ауыл өкімі ретіндегі басты міндетім. Сондықтан ауылдың дамуы жолында әрбір тұрғынның ұсынысы мен үшін маңызды.



**Жомарт Әбсаттаров,
Мырзабай ахун ауылдық
округі өкіміне үміткер**

Сақтансаң, сақтайды



Дала алқаптарын өрттен сақтайық

Өрт – барлық апаттың бастауы. Оның күрделі шығынға әкеліп соқтырары сөзсіз. Қорған деген не құрайлықтан, селкостықтан арылуымыз керек. Өрт түрлі жағдайда шығуы мүмкін, сол өрттердің бір түрі – орман-тоғай өрті. Өр жылдың көктем, жаз айларында, әсіресе Қазақстанның солтүстік облыстарында орман-тоғай өрті көп орын алып отырады. Бұл өрттердің негізгі көп орын алатын орны, күннің қызуынан шөптердің қурап, көгеріп өзі өртенуінен және саяжайға демалысқа барған азаматтар мен азаматшалардың ошақ құрып, от жағып, өртті өшірмей, не құрайлық қараусыз қалдыру салдарынан болып отырады.

Табиғатты қорғауда орман шаруашылығы мекемесі қызметінің маңызы зор. Әрбір қорықшы өзіне бекітілген учаскесінде бақылауды күшейткен жағдайда өрттің шығуы да аз болады.

Бұрынғы Кеңес үкіметі уақытында қорықшылар атпен жүріп бақылау жүргізген. Ал қазіргі уақытта әр мекеме саласына техникалар, құрал-жабдықтар беріліп, соның арқасында өрттің жануы азайып отыр. Сондықтан қорықшылар көрсетіліп отырған күштерді пайдаланып, бақылауға үлкен мән берсе, өрт азаяр еді. Ол үшін далалық жерлерде от пайдаланушы әрбір азамат табиғат тағдырына жанашырлықпен қарауы қажет.

Жыл сайын аудан көлемінде көктем айларында шаруашылық басшыларының және жеке азаматтардың жауапсыздығынан дала өрттері болып, табиғатқа көп зиян келтіріліп жүр. Бұл өрттердің шығу себептері шаруашылық басшыларының, жеке азаматтардың көктем айларында егіске, бау-бақша егуге даярлық кезінде өрте қарсы ережелерді сақтамауынан.

Атап айтатын болсақ, егіс егетін жерлерді, су арналарын арам шөптерден тазарту үшін өртейді де, отты сөндірмей бақылаусыз қалдырып кетеді. Соның салдарынан олар жепдің әсерімен жан-жаққа жайылып, табиғатқа қыруар зиянын тигізеді.

Осындай жағдайларды болдырмау үшін шаруашылық басшылары дала жұмысына бөлінген адамдардың өрте қарсы ережелерді қатаң сақтауын талап етуі тиіс. Өрт болған жағдайда ол күш алып кетпес үшін қолда бар техника, құрал-саймандармен өрт сөндірушілер келгенше ұйымдасқан түрде сөндіруге кіріскен дұрыс. Төтенше жағдай орын алса, 101 немесе 112 телефонына хабарласыңыздар!

**Аудандық төтенше
жағдайлар бөлімі**

Елді мекенді түлету – азаматтық борышым

Әркімнің өсіп-өнетін жері – оның туған жері. Адам туған жерін қастерлеп, қадіріне жете білуі тиіс. «Туған елінің қадіріне жетпеген өз қадіріне жетпейді» деген халық нақылында. Ендеше туған жері мен елін құрметтеу, оның даңқын асыру – әрбір азаматтың міндеті. «Торғай екеш торғай да, өз ұясын қорғайды» демекші, расында туған жерге деген ыстық сезім жалпы адамзаттық, адамгершілік қасиеттерге жатады. Топырағына аунап өскен балалығымынның базарындай осы алақандай Мырзабай ахун ауылы мен үшін өте аяулы да ардақты, жылы да қастерлі.

Мен өзімнің алақандай ауылымынның бүкіл мәселесін, мұндағы әр отбасының материалдық жағдайын бес саусақтай білемін. Ел ағалары мен мұндағы зиялы қауым өкілдері, ардагерлер қауымы атқа қонған өз ауылының тумасын барынша қолдайды деп сенемін. Тұнығынан қанып ішкен туған жерімнің сенімін аяқасты етпейте барынша тер төгіп, еңбек ететін боламын.

Мемлекеттік саясатты жүйелі түрде жүзеге асырып, ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеріп, әрбір отбасының ұсынысы мен талап-тілегіне мұқият көңіл бөліп, пікірлерімен санасып, олардың өтініштерінің мүмкіндігінше оң шешімін табуына

жұмыс жасаймын.

Қазіргі кезде білім, денсаулық сақтау секілді бірқатар салаға сергін берсек, елдің болашағы байыпты болмақ. Сондықтан аталған шешуші саланы өркендетіп, білімнің сапасына көңіл аударамын. Қазіргідей ауру-сырқау көбейген тұста елдің денсаулығын сауықтыру үшін бар мүмкіндікті жасайтын боламын. Ауылдың мәдени бөт-бейнесі мен спорттағы жетістіктеріне барынша қолдау жасау басты қағидаларымыз бірі болады. Себебі мәдениет сананы, ақыл-ойды шынықтырса, спорт азаны сауықтырады. Шаруаға ыңғайлы ауыл халқы үшін ауыл шаруашылығын дамыту күн тәртібінен түспеу керек деп ойлаймын.

Ауылдың әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларының, көпбалалы аналардың мәселесін де назардан тыс қалдырмай, олардың шешімін табуына жұмыс жасаймын. Күрші егуден бөлек, мал шаруашылығында табысты еңбек етіп жатқан төрағалармен бірлесіп отырып, ауыл әлеуетінің артуына бар қарым-қабілетімді жұмсаймын. Жастар тәрбиесіне көңіл бөліп, қоғамдық тәртіпті сақталуын назарда ұстаймын. Себебі тәртіп болмаса, барлық жасаған жұмысыңның нәтижесі болмайды. Ал тазалықтың орны бөлек. «Тазалық табалдырықтан басталады» деген

қағидаға сүйеніп, кіреберіс қақпадан бастап ауылдағы көше тазалығына мән беріп, құл-қоқыстарды арнайы орындарға шығаруды ұйымдастырып, санитарлық-тазалық нормаларын сақтауды негізгі міндетім деп білемін.

Кәсіпкерлік саласын дамыту ауыл әлеуетін көтеретін бірден-бір тура жол деп білемін. Сондықтан ауыл тұрғындарының мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде шағын несиелерге қол жеткізу арқылы іс бастауына жұмыс жасап, оларға қолдау көрсетіп отырамын.

Ауылда ауыз суға, аяқ суға халықтың қолжетімділігін толыққанды қамтамасыз ете отырып, бұл бағытта бірқатар мәселенің шешімін табуына жұмыс жасап, елмен етене араласып, ортақ мәселелерін оңтайлы шешуде бар күш-жігерімді перзенттік борышыма санап, уақытпен санаспай табанды еңбек ететін боламын.

Мырзабай ахун ауылын дамытуға арналған басқа да жобаларым жетерлік. Бастысы, ауыл халқының қолдауы болса, жұмыс жасауға талап бар. Аяқ су мәселесін шешу арқылы елдің бақша дақылдарын егуіне қолайлы жағдай қалыптастыруға да мүмкіндік жоқ емес. «Ауыл – ел тірегі» демекші, ауыл халқының әлеуетін жақсарту мемлекет саясатының басты міндеті деп білемін.



Сондықтан ауылды көркейту менің де басты жұмысым бола бермек.

**Галым Тауыпбаев,
Мырзабай ахун ауылдық
округі өкіміне үміткер
Аудандық сайлау қоры
қаражатының есебінен төленді**

Көркейсе ауыл, көркейеміз бәріміз

Ауылда туып өскен соң елдің мәселесі сонау балалық шақтан бізге етене таныс. Облыс, аудан орталықтарындағы бірқатар игіліктер аяқ ауылдарға әлі жете қойған жоқ. Алайда шешімін таппайтын мәселе болмайды. Тек оған уақыт пен күш қайрат, болашағы болымды ірі жобалар керек. Ол үшін қазіргі дамыған мүмкіндіктер заманында мемлекеттік бағдарламалардың шаралаты мол.

«Елде болсаң, мал өсір, пайдасы оның көп-көсір» демекші, Мырзабай ахун елді мекенінде мал шаруашылығын дамытуға әбден болады. Алаңдайтын негіз жоқ. Әсіресе кәсіпкер айналысамын, жерлерімді жұмыспен қамтамасыз ететін деген жастар болса, қолдау көрсетіп, тірлігін дөңгелентіп кетуіне ықпал жасайтын боламын.

Басқа ауылдар секілді Мырзабай ахун ауылында да инфрақұрылымды дамыту ағадай қажет деп ойлаймын. Осы орайда көшелерге асфальт төселіп, жолдар тақтайдай түзу болса, самаладай жарықшамдар ауылдың сәулетіне сән берсе, көшелерде көркейткі-кегалдандыру қарқын алып, көше бойлай талдар егіліп, гүлзар бақ-

тармен көмкерілсе, ауыл халқы үшін қандай ганибет болар еді. Егер ауыл халқы қолдаса, ауылды абаттандыру жұмыстарын қолға алатын боламын.

Елдегі ағайындар қазір өз денсаулығындағы түрлі кеселдермен бетпебет келіп отырғаны рас. Сондықтан ауыл халқының салауатты өмір салтын қалыптастыру, оларды бұқаралық спортқа тартуды үйлестіру маңызды. Білім болашаққа салынған инвестиция екенін ескеріп, білім саласындағы елдің көкейінде жүрген проблемаларды зерделеп, оның оң шешімін табуына жәрдемдесетін боламын.

Елді мекендегі ең қиын мәселе жұмыссыздық екені бәрімізге аян. Сол үшін ауылда бос жұмыс орындарының ашылуына жағдай жасаймын. Бұл ретте кәсіпкерлік саласын қолдауға арналған мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдалануға ауыл тұрғындарын жұмылдырамын. Олардың ауылда өз жобаларын жүзеге асыруына жағдай жасауды негізгі міндетім деп білемін.

Сонымен қатар ауылдық округте мәдени және спорттық шаралардың жиі ұйымдастырылуына назарға аламын. Бұл бәсекеге қабілетті ұрпақ

қалыптастыруда маңызды рөл атқаратыны анық. Сондай-ақ осы ретте білім саласында жастардың еш кедергісіз ізденуіне де бар жағдай жасау басты мақсатым деп білемін.

Қоғам қауіпсіздігі мен үшін басты мәселе болып табылады. Сол себепті ауылда уәкелетті полиция қызметкері мен ақсақалдар алқасы және көше комитеті төрағаларымен бірлесіп отырып, жастар тәрбиесіне көңіл бөліп, қоғамдық тәртіпті сақталуын, ауылдардағы көше тазалығына мән беру, құл-қоқыстарды арнайы тиісті орындарға шығару, санитарлық-тазалық нормаларын сақтауды ұйымдастырамын.

Ауыл халқы үшін аяқ су мәселесі – маңызды мәселенің бірі. Сондықтан тұрғындардың өз ауласында бақша дақылдарын егуіне де мүмкіндік жасауды шұғыл түрде қолға алатын боламын. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін бойымдағы бүкіл білімім мен білігімді ауылдың гүлденуі үшін жұмсайтын боламын.

Ауылды көркейту – менің басты міндетім, азаматтық парызым. Әрине ауыл дамыса, мемлекеттің экономикасы, халықтың әл-ауқаты алға



басады. Сондықтан ауыл халқының әлеуметтік әлеуетін арттыруға еңбек етіп, қызмет атқаруға уәде беремін.

**Жомарт Әбсаттаров,
Мырзабай ахун ауылдық
округі өкіміне үміткер
Аудандық сайлау қоры
қаражатының есебінен төленді**

Білгенге маржан

Ағзаны тазалап тұрыңыз

Біз көбіне ішкі ағзамызда қандай өзгерістер болып жатқанына мән бермейміз. Ол түгіл ауырғанда да әбден нашарлағанда ғана барып медицина мамандарының көмегіне жүгінеміз. Өзіміз «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дейміз де, сол қағидаға өзіміз қарсы шығамыз. Бұл айналып келгенде денсаулығымыздың нашарлауына, ағзамыздың әлсіреуіне алып келеді де, ақырында аурумен күресеміз.

Жалпы, ауырмасақ та, ағзаны тазалап, дәрумендер ішіп тұрудың маңызы зор. Әсіресе қазіргі кезде ағзаны тазалау көптеген қауіп-қатердің алдын алады. Өйткені адамдар тұтынатын ас-ауқаттың көбі дайын фастфуд өнімдеріне айналып барады. Олардың зияны айтпаса да түсінікті. Ал енді ағзаны тазалауға қалай дайындаймыз? Соған көшейік. Мәселен бауыр, бүйрек, ішек және қан тамырларындағы жиналған шлақты төмендегі әдіспен тазалауға болады. Ішекті тазалау үшін 1 стақан салқын суды ыдысқа құясыз. Оған 1 шай қасық зығыр дәнін салып, отқа қойыңыз. Қайнауға жақындағанда оттан алып, сүзесіз. Дайын болған емдік сусынды ұйқыға жатар алдында ішесіз.

Ал бауырды тазалау үшін 1 шай қасық шөпті 1 стақан суға араластырып, отқа қоясыз. 3-4 минуттай қайнаған соң оттан алып, сүзіп қоясыз. Дайын болған тұнбаны түсікі тамақтан соң 1 сағаттан кейін ішесіз. Емді 1 ас қасықтан қабылдау керек. Бүйректі тазалаудың жолы оңай. Бұл ағзадағы шлақты шығару үшін сәлбөң лаванда, жалбыз және гүлшөтен шөптерінің майы қажет болады. Бұлардың бірнеше тамшысын 1 стақан таза суға араластырып, ішесіз. Татымы ұнамаса, 1 шай қасық бал қосуға болады. Бүйрекке арналған жиынтық та ағзаны керемет тазартады. Ол қоспаның ішінде қайын, қырықбуын, таран және арша болады. Бұл шөптерді көзектестіріп қолданасыз. Егер үнемі



бір шөптің көмегіне жүгінсеңіз, ағза соған ғана үйреніп қалады. Бастысы, көз келген едісті қолданғанда мөлшеріне аса мән беріңіз. Тып артық немесе тым кем болса да кері әсерін беруі мүмкін.

«ЖЖ» ақпарат

Ойтаразы

Сана өзгермей, қоғам өзгермейді

«ШАЙНАЙ БЕРСЕҢ, ҚАЗЫНЫҢ ДА ДӘМІ КЕТЕДІ» ДЕПТІ БАБАЛАРЫМЫЗ. СОЛ СЕКИЛДІ АЙТА-АЙТА ҚҰЛАҚТЫ ЖАУЫР ҚЫЛҒАН ТАҚЫРЫП БҰЛ. БІРАҚ СОҒАН ҚАРАМАСТАН АЙТЫЛА ДА, ЖАЗЫЛА ДА БЕРЕДІ. ӨЙТКЕНІ ЕЛДІК МҮДДЕГЕ ҚЫЗМЕТ ҚЫЛАМЫН ДЕГЕН ӘРБІР АЗАМАТТЫ «ҚАЛАЙ ЕЛ БОЛАМЫЗ?» ДЕГЕН САУАЛ ӘРДАЙЫМ ТОЛҒАНДЫРУЫ ТИІС.

Жуырда бір інім «Аға, жаңа Қазақстан дегенге сенесің бе?», – дейді. «Е сенбегенде ше, сол үшін барымызды салып жатырмыз ғой халық болып», – дедім мен інімнің жүзіне сынай қарап. «Өзің ше, сенбейсің бе?», – деп сұрадым. «Жоқ, мен сенбеймін», – деп бірден кесіп айтты. Себебім сұрадым. Қабағы түйіліп, биліктерілерге шүйіліп отырып жауап берді. Оның ойынша, халықтың санасын бір ғана адам өзгертпейді екен. Яғни Президент «Жаңа Қазақстанды» бір өзі құрып, қалыптастыруы тиіс екен. Ал біз, халық Мемлекет басшысы қашан жаңаша заман орнатып, жаңа қоғам құрады деп мына жақта қол қусырған күйі қамсыз отыра беріміз керек екен. Біздің дамымай, өркендемей отырғанымызға кінәлі жалғыз адам – Президент екен. Жарайды, тәуелсіздігімізден бері отыз жылға тіліміз, өрміз жеткенше сын айтып келдік, әлі де айтылып жатыр. Дұрыс шығар. Жасыратыны жоқ, отыз жыл бойы жүргізген саясаттағы сөз бен іс өзара үйлесім таппады. Яғни құр даурықпа ұран мен бос сөз оң нәтиже бермеді. Соның салдарынан халық пен биліктің арасы алшақтап кетті. Ең қиыны, оның соңы «қаңтар қырғынына» алып келді. Ол да еліміздің тарихында бізге сабақ болатын бір қаралы оқиға ретінде таңбаланып қалды. Алайда, Президент билікті толық өз қолына алған соң «Жаңа Қазақстанның», «Әділетті Қазақстанның» құрылатынын айтты. Соған сәйкес біршама Заңдарға өзгеріс еніп, халықтың әуақатын жақсарту мақсатында мемлекеттік бағдарламалар түзілді және олар жүзеге аса бастады. Айтпа кету керек, бұрынғымен салыстырғанда елімізде аз да болса оқу әбестері байқала бастады. Шынайы дамуға бетбұрыс жасалып жатыр. Мемлекет басшысының отыз жылда жіберілген қателіктерді елдің алдында жариялап түрде ашық айтуы – билік пен халықтың арасы жақындатудың алғы шарттары деуге болады. Яғни алдағы уақытта сол қателіктерді қайталамаудың жолдары қарастырылады деп сенгеніміз жөн.

Мемлекет тек халықпен ғана мемлекет. Сондықтан биліктің өзгеруін талап еткен адам алдымен өзінің ойын өзгерткені жөн. Халқы ақымақ елдің басшысы арман, халқы ақылды елдің басшысы көреген. Ой-санамыз өзгеруі үшін біз алдағы күнге сенуіміз керек. Келешегінен үміті жоқ адам өзіне сенбейді, өзіне сенбеген адам айналасына да, билікке де сенбейді. Әрине отыз жылда қордаланып қалған мәселелер бірер жылдың ішінде түбегейлі, толық шешілмейді. Оған бірнеше жыл уақыт керек және сол уақытты күтіп жүре бермей, әрбір адам заманмен бірге өзін дамытып отыруы тиіс. Егер еліміздегі әрбір тұрғынның адами ұстанымы, тұрақты мінезі, бүгінгі қоғамға өзіндік саяси көзқарасы, мәдени өресі, рухани болмысы, экономикалық, құқықтық сауаты болса жоғарыдағы күрмеулі мәселелер ретімен шешілер еді. Сондықтан үйде жатып алып әлеуметтік желіден немесе бас қосылған жерлерде «Жаңа Қазақстан қашан құрылады?», «Президент неге әділетті Қазақстанды құрмай жатыр?» деп саясатты сапыра бермей, өзімізді дамытып, балаларымызды жаңа заманға сәйкес тәрбиелеп, оқытып, өнер үйретіп, ғылым мен ғылымға күш жұмсауымыз керек. Сонда ғана жаңа Қазақстанға аяқ басамыз, сонда ғана әділетті қоғам құрамыз.

Кешегі әжелеріміз жаңадан шыққан тұрмыстық техникалардың жұмысын көріп, таңырқанда «Ой, айналайын үкімет-ай!» деп басын шайқайтын. Адамдардың тұрмысын жеңілдеткен үкіметке шын көңілмен алғысын осылай білдіретін. Одан бөлек, уақытша тұрмыстың тапшылығын көріп, қиналғанда «Е, әуелі Алла, одан соң үкімет аштан өлтірмес» деп өздерін жұбатып отыратын. Әрине ол қоғам мен бұл қоғамның арасы мен жердей айырмашылығы бар ғой. Дегенмен сол кісілер алдымен Алланы, содан соң үкіметке сенді. Бейбіт заман тұрмақ, жаугершілік кезеңде де келешегіне деген сенім күші жауынгерді оқ пен от бораған қан майданның ортасынан еліне аман алып келді, ашаршылық неубеттерде талай адамдарды аман алып қалған ертеңіне



деген өлеусіреген үміті еді. Өмір мен өлімнің ортасында тұрып сол сығарған үміттерін өшірген жоқ...

Қазір заман да басқа, қоғам да басқа. Біреудің боданында емес, тәуелсіз елде өмір сүріп жатырмыз. Жиырма бірінші ғасыр. Адамдардың барлығының көзі ашық, көкірегі ояу. Алайда, жүрегімізде үміт жоқ. Көбіміз ертеңімізге сенбейміз. Сөйте тұра бізге «жаңа Қазақстан» құрып бер» деп байбалам саламыз. Ал шын мәнінде жаңа қоғамды құратын Президент емес, халықтың өзі. Халық мәсылдық санадан арылып, өз-өзін жетілдіріп, өркендетіп елдерге еліктеп, «бол-маса да, ұқсап баққысы» келіп талпынса, ешкім қолын байлап, жолына тұрмайды.

Осыдан бірнеше жыл бұрын «Асқақ армандар аласарса...» деген мақала жаздым. Мақала барысында жас мамандардың

аласарып кеткен армандары жайында айтып едім. Жоғары оқу орнын бітіріп келіп, қызметке орналасып жатқан жап-жас жігіттердің шен мен лауазымды аңсауы, зәулім үй мен жаңа маркалы көлік мінуді армандауы мені қорқытқан еді. Жиырмадан енді асқан азаматтардың барын салып, теріп тегіп еліне қызмет ететін шағында өз мүддесін ғана ойлайтын тоғышарлығы таңғалдырды. Сол кезде мен оқыған-тоқығанын елінің дамуына, өркендеуіне жұмсап, тіпті қызыл империяның зорлықшыл саясатына бағынбай, көнбей, елінің еркін өмір сүруін армандап, қайтсем де Қазақстанды өз алдында дербес мемлекет ететін деп арпалысқан және сол жолда құрбан болған кешегі аяулы Алаш арыстарын есіме түсірдім. Олар да жырма мен отыз жас аралығындағы жалынды жастар еді-ау...

Алайда, ауызды кү шөппен сүрте беруге

де болмайды. Қазірде елім дейтін бір шоғыр жастар өсіп келе жатыр. Өз ойлары бар, идеялары бар. Бастысы, ойдағысын ашық ері батып жеткізе алады. Биліктерілер жасасын демейді, біз жасаймыз дейді. Президент істесін демейді, біз істейміз дейді. Қазақстанның жаңарғанын қоғамның өзгергенін күтіп, өзінге мәзір болайық деп отырған жоқ, елімізді бірлесіп дамытамыз дейді және көп жерде сол сөздерін іспен дәлелденіп келе жатыр. Сөздері де, істері де сүйсіндіреді.

«Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты мен жастарға сенемін». Иә, Мағжан сенген жастар бұлар. Сөздерінде жалың, көздерінде от бар. Тек алдағы уақытта осындай жастардың қатары көбейсе дейсін.

Қуат АДИС

Сенбілік

Игілікті іске бастамашы болды

Сенбілік жұмыстары тек денсаулықтың көпшілігі ғана емес, экологиялық апаттардың алдын алатын маңызды шаралардың бірі. Сондықтан адамзат баласының қалыпты тіршілігі үшін жеке басының тазалығынан бастап, өзі өмір сүріп отырған айналасының, қоршаған ортасының тазалығы аса маңызды. Санитарлық-тазалық жұмыстары кент іші мен ауылдық оқу орталықтарында жыл он екі ай жүрсе де артық емес. Біз бұл тұрғыда көшелерді тазалауды және қаланы, кентті, ауылды көркейтіп, көгалдандыру жұмыстары тек арнайы мекемелер мен көше тазалықшыларының мойындарына артылған деген түсініктен арылуға тиіспіз. Әрбір тұрғын тазалыққа жауапты. Тіпті бұл жауапкершілік есі кірген баладан бастап, еңкейген қарияға дейін сұралуы тиіс. Басқа, басқа, дәл осы қоршаған ортаның тазалығына келгенде талапты күшейтіп, тәртіпті қатайту керек.

Қуат АХЕТОВ



Жалпандардың ұғымына сіңіп, өмір салтына айналып кеткен екі ұстанымы бар көрінеді. Оның бірі – айналаны ластамау, екіншісі – бір-бірінің уақытын ұрламау. Ол елде осы екі ұстанымнан ауытқыған кез келген адам қылмыскер саналады екен. Мүмкін, қунығыс елінің дамуына осындай ұлттық ерекшеліктерінің әсері бар шығар. Біздің де осындай ұстаныммен өмір сүретін кез келді және ол аса қиындық туғызбайды. Өз ауланда таза ұста, бау-бақша екі, көшенді де таза ұста, саялы ағаш өсіріп, күтіп-баптап жайқалтып қой және көршілеріңнен де соны қатаң түрде талап ет. Болды! Ешқандай қиындығы жоқ. Есесіне, өзің таза ауамен еркін тыныстап, жақсы да, жайлы өмір сүресің, ұрпағыңа да жайлы өмір жасайсың.

Тазалық әр адамның өзінен басталады. Ауласын таза ұстаған адам – ауылының тазалығына үлес қосады, ауылын көркейткен адам, қаланы гүлденуіне үлес қосады, қаланы абаттандырып, гүлзарға айналдырған адам елінің жасыл желекке айналуына үлес қосады. Қысқасы, қоршаған ортаның тепе-теңдігін сақтау, табиғатты қорғау, экологиялық апаттардың алдын алу тікелей адамзаттың өзіне байланысты.

Айналаны күл-қоқыспен ластап, құрлықты да, суды да зиянды қалдықтармен бүлдіріп, экологиялық апаттардың туындауына себепші болып отырған адамзаттың өзі. Бірақ біз оны әуелі Алладан, содан соң бір-бірімізден көріп, жауапкершіліктен сытылып кеткіміз келеді...

Қазірде көктем мезгілі. Ағаштар көктем, жер көгерді. Жақын арада көше бойындағы арықтарға су келеді. Оған дейін арықтардың іші күл-қоқыстан арылып, аяқ су арнасы кеңейіп қазылуы керек. Олай болмаған жағдайда жсты жабылып, тоғанға тіреліп толған су арықтың ернеуінен тасып, көшеге жайылып, ысырап болады және көліктер мен жаяу жүргіншілерге кедергі келтіреді. Сондықтан кенттің әрбір тұрғыны үйінің маңайындағы су жүретін арықтарды тазалап, қазып қойғандары жөн. Сосын тағы бір айта кететін жайт, үйлеріне күрделі жөндеу жүргізген немесе жаңадан үй салып жатқан кейбір тұрғындар құм, тас секілді құрылық заттарын көше бойындағы тротуардың жсты жабылып, жаяу жүргіншілердің жолына бөгет болып, әрлі-берлі етуіне кедергі келтіреді. Бұл санитарлық-тазалық сөз болғанда ең алдымен ескеретін мәселе. Өйткені тротуар

жабылса, жүргіншілердің амалсыз көшемен жүруіне тура келеді де, көлік қозғалысында қауіп-қатер туындайды.

Көше кент ішінде кезекті сенбілік жұмыстары жүргізілді. Әдеттегідей барлық мекеме қызметкерлері белсенді түрде қатысты. Айта кету керек, соңғы уақытта ерікті түрде сенбілікке қатысатын тұрғындарды да көзіміз шалып қалып жүр. Сонымен бірге тротуар бойымен әрлі-берлі өтіп жатқандардың арасынан көшеде жатқан қоқыстарды теріп алып кететіндерді көргенде ішіміз жылып қалады. Әрине бұл қуанарлық жайт. Тазалыққа деген дағды осылай қалыптасады.

Сонымен өткен сенбілікке барлығы 72 мекемеден 925 адам қатысып, 4 тасымалдаушы техника жұмылдырылды. Кент орталығы мен Дәуімбай елді мекеніндегі Абай, Бұқарбай батыр, Желтоқсан, М.Шәменов, Н.Мырзалиев, Өмірбай шешен, Жеңістің 50 жылдығы, Қазыбек би, Әйтеке би, Т.Жүргенов, Нысанбай жырау, А.Ізтілеуова, Сәре батыр, Т.Қыстаубаев, Н.Алмағамбетов секілді 14 көше мен «Тағзым» және «И.Қабылов атындағы» саябақтың іші тазартылды. Жеті жарым шақырым көмілген арықтар аршылып, 300

түп түрлі ағаштың көшеті отырғызылды. Сенбілікке қатысқандардың еңбегінің нәтижесінде 120м³ (30 тонна) күл-қоқыс арнайы орындарға шығарылды.

Кент әкімі Мардан Жамалатовтың айтуынша, сәуірдің жиырмамына таяу кент ішіне аяқ су жіберіледі. Ал аяқ су шықпайтын биік жерлерге арнайы қысымды құрылғылармен су кетеру жоспарланып отыр екен. Яғни үш жаңа насос іске қосылады. Сондықтан тұрғындар осы бастан ауласындағы бау-бақшасының орнын даярлап, үйінің айналасына жеміс ағаштарының және жасыл желекке айналатын саялы ағаштың көшеттерін егіп қойса, бірер жылда ыстықтан көлеңкелеп, жемісін жейтін анық.

Арнайы тоқталғанды жөн көрдік, өткен сенбілікте Дәуімбай елді мекеніндегі Ақпан батыр көшесінде де (бұрынғы Ы.Алтынсарин түйегі) ерекше санитарлық-тазалық және көркейтуді қамтамасыз ету жұмыстары жүрді. Нақтырақ айтсақ, Ақпан батыр Жұмырулының еліміздің әр өңірінде тұратын ұрпақтары жиналып, аталған көшенің бойын тазалады, ұзақ жылдан бері аяқ су келмей, көміліп қалған арықтарын қазды және көшенің екі қапталына көшет отыр-

ғызып, шарбақпен қоршады. Шын мәнінде бұны тек кезекті сенбілік қана емес, тағлымды шара деуге болады.

– Тазалық, көркейтуді қамтамасыз ету жұмыстары баршамызға ортақ. Әр сенбілікке тұрғындар ерікті түрде қатысып, білек сыбанып жұмыс істеуі керек. Өйткені бұл жалпыхалықтық іс. Ал мұндай игілікті іс жұмыла кіріскенде ғана нәтижелі болады. Өткен сенбіде Ақпан батыр Жұмырулы атындағы көшені күл-қоқыстан тазартып, арығын қазып, көгалдандыру жұмысын бастадық. Оған батырдың қалада, далада тұратын барлық ұрпақтары мүмкіндігінше қатысып, атсалысты. Бұл бір күндік жұмыс қана емес, алдағы уақытта бұл үрдіске айналады. Тағы бір айта кететін жайт, бұл жерден рушылдық сипат іздеудің де қажеті жоқ, қазақ халқының азаттығы, келешегі үшін күрескен батыр бабаларымыздың барлығы да біз үшін бірдей, олардың ерлігі ұрпағымызға үлгі. Біз тек игілікті іске бастамашы ғанамыз. Келешекте бұл тазалық шарасы жалпыхалықтық сипат алады. Біздің мақсатымыз жастарды еңбекке баулып, тәрбиелеу әрі өзіндік өмір сүріп отырған ортамызды таза ұстау, көркейтуді, – дейді ардагер Өтеген Нұғыманұлы.

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы
Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйесі” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Газет әр аптаның сәйсебі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
Таралымы 3097 Тапсырыс № 571